# АҚПАРАТТАР топтамасы

## Ел рәміздері ұлықталды

**4 маусым – ҚР-ның Мемлекеттік рәміздері күніне орай университетте «Мемлекеттік рәміздер – мақтанышым» атты патриоттық іс-шара ұйымдастырылды.**

Салтанатты кеш Мемлекеттік рәміздердің сахна төріне шығарылуымен және Әнұранның шырқалуымен басталды. Білім ордасының профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды мерекемен құттықтаған БҚАТУ баскарма төрағасының орынбасары, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Ақылбек Сұлтанов тәуелсіз еліміздің қасиетті нышандарын кастерлеп, игі мақсаттар жолында талмай еңбектенуге шақырды. «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Жәмила Сихынбаева ел рәміздерін бойтұмардай қастерлеу керектігін жеткізді. Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен түйінделді.

## Университет ректоры – баспасөз алаңында

**17 маусым күні Жәңгір хан атындағы БҚАТУ басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы Наметов БҚО өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз мәжілісіне қатысты.**

Тікелей эфирде ұйымдастырылған «Жоғары білім берудегі өзгерістер мен жаңалықтар» тақырыбындағы баспасөз жиынында университет басшысы биылғы жоғары оқу орнына қабылдау ерекшеліктеріне тоқталды. Сонымен қатар Жәңгір хан университетінде даярланатын мамандықтар, білім беру бағдарламалары, білім сапасын арттыру бағытында жасалып жатқан іс-шаралар, ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы баяндады. Баспасөз мәжілісі соңында журналистердің сауалдарына жауап берді.

## Студенттердің еңбегі

**Биыл «Индустриалды-технологиялық институтының» «Құрылыс және құрылыс материалдары» жоғары мектебінің 1, 2, 3-курс студенттері оқу орнының аумағын абаттандырды.**

Мақсат – оқу-танысу және өндірістік тәжірибе уақытын ұтымды пайдалану, студенттерді еңбекке баулу, өздері білім алып жүрген қара шаңыраққа деген құрметтері мен сүйіспеншіліктерін арттыру. Жастар өздеріне қойылған талаптарға сай аса жоғары жауапкершілікпен қызмет атқарды. Нәтижесінде институт қарамағындағы «Жас құрылысшы» оқу-ғылыми-өндірістік орталығында төсемтас өндіру және оны білім ордасының аумағына төсеу жұмыстары жасалды. Бұл салада белгілі дәрежеде тәжірибелері бар 3-курс студенттері өз білімдерімен бөлісіп, жұмыстың барысын 1-курстың білім алушыларына үйретті.

## Әділбек жүлдемен оралды

**4-6 маусым аралығында Ташкент қаласында ересектер арасында әскери самбодан өткен Азия чемпионатында Қазақстанның ұлттық құрамасы сапында ел намысын қорғаған Жәңгір хан университетінің студенті Әділбек Сеисов жүлделі 3-орынды иеленді.**

Әділбек бұл жарыста 64 келі салмақ дәрежесі бойынша үш белдесу өткізіп, түркімен және қырғыз балуанын жеңіп, соңғы сында қазақстандық спортшыдан ғана жеңіліс тапқан. Спортшыны Азия чемпионатына дайындаған жаттықтырушысы – Нұфтолла Түменов. Алда Әділбек Сеисовты Әлем чемпионаты күтіп тұр. Ол – «Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі» мамандығының студенті.



# Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне оқуға шақырамыз!

**Университетте тегін оқу гранттары**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сай ҰБТ бойынша кемінде 50 балл, педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша кемінде 75 балл, соның ішінде әр пәннен кемінде 5 балл жинаған және бейіндік пәндері университетіміздегі білім беру бағдарламаларына сай келетін талапкерлердің келесі санаттарына университет есебінен тегін оқу құқығын беретін гранттар бөлінгендігін хабарлайды:

1. «Алтын белгі» төсбелгісінің иегерлеріне – саны шектеусіз (конкурстан тыс);

2. «Көпбалалы, толық емес отбасынан шыққан балалар, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар» тобына жататын талапкерлерге конкурстық негізде – 10 орын;

3. Халықаралық, республикалық, аймақаралық спорттық жарыстардың, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздарына конкурстық негізде – 10 орын.

**Артықшылығы:**

- Университетте сұранысқа ие мамандықтарда тегін оқи отырып, сапалы жоғары білімге қол жеткізу;
- Сабақ үлгерімі жақсы болған жағдайда, мемлекеттік білім грантына ауысу мүмкіндігі.

Университет есебінен тегін оқу конкурсына өтініш қабылдау уақыты: ағымдағы жылдың 10-15 тамыз аралығы.

# Добро пожаловать в Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана!

**Бесплатные образовательные гранты в университете**

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана объявляет о выделении грантов на право бесплатного обучения за счет университета следующим категориям абитуриентов, набравшим не менее 50 баллов по типовым правилам, не менее 75 баллов по педагогическим образовательным программам, в том числе не менее 5 баллов по каждому предмету и профильные дисциплины которых соответствуют образовательным программам нашего университета:

1. обладателям нагрудного знака "Алтын белгі" - неограниченное количество (вне конкурса);

2. абитуриентам, относящимся к группе "дети из многодетных неполных семей, дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей" на конкурсной основе – 10 мест;

3. победителям международных, республиканских, межрегиональных спортивных соревнований, творческих конкурсов на конкурсной основе – 10 мест.

**Преимущества:**

- Обучаясь бесплатно на востребованных специальностях университета, получаете достойное качественное образование;
- При хорошей успеваемости, есть возможность перевестись на государственный образовательный грант.

Время приема заявок на участие в конкурсе на бесплатное обучение за счет университета: с 10 по 15 августа текущего года.



# Болашақ магистранттар!

**Бакалавриаттан кейін жаңа білім алу деңгейіне дайынсыздар ма?**

КТ-2021 өтініштерді қабылдау 18 маусымнан басталады. 2021 жылдың 18 маусымынан арр. testcenter.kz сайтында магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеуге (КТ) қатысуға тіркеу басталады. Тіркелу барысында Сіз тестілеудің ОРНЫН (қала) ӨЗІҢІЗ таңдайсыз!

Кешенді тестілеу 2021 жылдың 20 шілдесі мен 10 тамызы аралығында өткізіледі.

**Магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу 3 блоктан тұрады:**

- шет тілі бойынша тест;
- оқуға дайындығын анықтауға арналған тест;
- білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестілеуінен босатылады.

Кешенді тестілеуге қатысу құны – 8292 теңге.

Кешенді тестілеуге төлем тіркелу кезінде онлайн жасалады.

**Барлығыңызға сәттілік тілейміз!**

# Будущие магистранты!

**Готовы к новому этапу знаний после бакалавриата?**

Прием заявлений на КТ-2021 стартует 18-го июня. С 18 июня 2021 года на сайте app.testcenter.kz начинается регистрация для участия в Комплексном тестировании (КТ) для поступления в магистратуру. При регистрации МЕСТО (город) тестирования Вы выбираете САМИ!

Само КТ будет проводиться с 20 июля по 10 августа 2021 года.

**КТ для поступления в магистратуру состоит из 3 блоков:**

- тест по иностранному языку;
- тест на определение готовности к обучению;
- тест по профилю группы образовательных программ.

Поступающие, имеющие один из международных сертификатов, подтверждающие владение иностранным языком в соответствии с общеевропейскими компетенциями (стандартами) владения иностранным языком, освобождаются от теста по иностранному языку КТ в магистратуру.

Стоимость участия в КТ составляет 8292 тенге.

Оплата производится онлайн при регистрации на сайте.

**Желаем всем удачи!**

**Более 40 грантов по востребованным специальностям. 100 % обеспечение стипендией и проживанием. Трудоустройство в крупных казахстанских и иностранных компаниях. Первый год обучения и производственные практики на базе нашего университета. 3 года обучения в Уфимском государственном нефтяном техническом университете.**

**Не набрал проходной балл ЕНТ? Обращайся к нам! Университет Жангир хана предлагает следующие возможности поступить в высшее учебное заведение**



**Сдать вступительные экзамены в Уфимский государственный нефтяной технический университет**

Прием заявлений до 15 июля.

**Как подать заявление для УГНТУ?**

Обратиться в приемную комиссию нашего университета. Контактные телефоны для получения подробной информации: + 7 7112 50 24 01, 50 21 42, + 7 777 268 00 77, +7 707 681 00 75.

**Какие документы необходимо предоставить?**

Гражданам Республики Казахстан необходимо предоставить следующий перечень документов:

- копия документа, удостоверяющего личность поступающего (удостоверение личности, паспорт);
- нотариально заверенный перевод на русский язык документа, удостоверяющего личность поступающего (при отсутствии записи на русском языке);
- оригинал документа государственного образца об образовании (и его заверенная в установленном порядке копия);
- нотариально заверенный перевод на русский язык документа об образовании и приложения к нему;
- 6 фотографий размером 3х4 (черно-белый или цветной снимок без головного убора, сделанный в 2021 году);
- медицинская справка по форме 086-У (копия медицинского заключения об отсутствии противопоказаний для обучения в Российской Федерации, выданного официальным органом страны проживания кандидата), заверенная печатью лечебно-профилактического учреждения. Необходимо заполнение всех граф справки. Справка должна иметь печать поликлиники и дату выдачи текущего года в угловом штампе;
- сертификат о прививках (если прививки не вписаны в медсправку);
- сертификат об отсутствии вируса иммунодефицита человека (ВИЧ) и заболевания СПИД;
- результаты прохождения флюорографии (или рентгеноскопии легких).